

Тараз мемлекеттік педагогикалық Университет

Арнайы психология

Тақырыбы: ерте жастағы аутизм


Қабылдаған: Абдигалиева.А

Орындаған: Толымбек.Г, Әмірова.М

Тобы: Деф 18-1



Аутизм — (*гр. autos - өзім*) - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл- күйі. Бұл терминді **1912 жылы Э. Блейхер** адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген.



Аутизм ауруын бірінші ашып зерттеген америка психиатрі Лео Каннер. Балалық аутизмі әр түрлі болады және зиятпен сөйлеу дамуының деңгейлері әр түрлі болады

Ерте жастағы балалар аутизмі- кішкентай балалардың ми қызметінің бұзылуы салдарынан айналадағы адамдармен қарым-қатынас пен байланысқа түсу қиыншылықтарын тудыратын психикалық ауытқу.

Негізінен бұны ауру деп айту қиын , бұл- психикалық дамудың бұзылуы : Шындықтан ауытқу, өз-өзіне кету , немқұрайлылық немесе сыртқы құбылыстарға жауапты қимыл әрекеттердің болмауы.

Баланың миына келіп түскен ақпараттарды оның миы қабылдамайды. Себебі миының сенсорлы жүйелері дұрыс істемейді.



Аутизм түрлері

**Каннер синдромы
(аутизмнің ауыр түрі)
3 жастан бастап
байқалады**

Баланың тым кеш сөйлеуі

Жалғыздықты ұнатады

Күнделікті өмірдегі тәртіптің өзгеруіне қарсы өте сезімтал

Ешкімге еліктемейді ,үнемі бір қимылды қайталайды

Қасындағы адамның сезімін түсінбеуі,сөйлегенде бірде айқайлап,бірде сыбырлап сөйлейді.

Туғандармен мүлдем байланысқа түспейді

Аутизм түрлері

Аспенгер синдромы (аутизмнің жеңіл түрі)

Каннер синдромына қарағанда
интеллектісі айтарлықтай жоғары

Әдетте белгілі бір салаға
жоғары қызығушылық
танытып сол саланы меңгере
алады.

Логикалық ойлауы қабілеті дамыған,
сөйлей алады.

Адамдармен байланысқа түсуі қиын.

Болашақта бір саланың шебері болу мүмкін

Аутизм түрлері

**Ретта синдромы
(ең сирек әрі тек
қыздарда кездесетін түрі)**

Әдетте қыздар екі жасқа дейін қалыпты дамып келеді де ,бірден қабілеттерінен айырыла бастайды

Өзі киіне алмайды,бірте-бірте сөйлей алмай қалмайды, қолындағы заттарды ұстай алмайды, бұлшықеттер тонусы жоғалады

Психикалық күйреудің салдарынан жиі ұстамалар болады.

Аутизм түрі

Процессуалды аутизм

Ер балаларда жиі кездеседі

3-5 жасына дейін жақсы дамып, белгісіз себептермен бірден түрлі қабілетін жоғалта бастайды

Ешкімге еліктемейді, үнемі бір қимылды қайталайды

Туғандармен мүлдем байланысқа түспейді

Аутизмнің пайда болу себептері

Ғалымдардың ең соңғы мәліметтер бойынша аутизмге ұшыраған балалардың тұмыстан миында кінәрат (мидың бір бөлігі нашар дамыса, екінші бір бөлігі өте жақсы дамыған, дамыған хромосомалық өзгерістермен зат алмасуды бұзылуы, гендік деңгейдегі өзгерістер) бар екені анықталды. Гендік пайда болуына, жүкті кезінде болашақ анаға қоршаған ортаның қолайсыз экологиялық жағдайы, стресстер әсер етеді. Әдетте бала миының эмоцияға жауап беретін орталығы бұзылады. Олардың қанның құрамында ерекше белоктар анықталған. Бұл жерде тұқым қуалаушылықтың маңызы зор.



Аутизм белгілері

Аутизм белгілері баланың **үш жасына** дейін айқын байқалады. Әдетте, ер балаларда жиі кездеседі. Ата-анасы құрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенің байқайды. Алғашында бала керек секілді болып көрінеді, бірақ тексеру нәтижесі олай емес екендігін көрсетеді. Кейде сөйлеуді бастайды. Бірақ біраз уақыт өтісімен, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады. Күнделікті қылықтары қайталанатын, күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншық тек бір бөлігімен ғана (*мәселен тек қолмен немесе басымен*) ойнауы мүмкін.

Күнделікті қайталанатын тәртіптің өзгеруін бала өте қиын қабылдайды. Ата-аналардың айтуынша бала көзге тіке қарамайды. Аутист балалар депрессияға шалдығып, эпелепсиялық ұстамалар байқалады.

Аутист балалармен бір топ арнайы мамандар жұмыстанады.

Олар: психолог, логопед, дефектолог, тәрбиеші, музыкант және ата-ана.



Аутист балалардың психикалық дамудың ерекшеліктері

**Интеллектуальдық
сфераның
бұзылуы**

**Сенсорлық-
моториканың
бұзылуы**

**Баладағы
эмоциональды
қиындықтар**

**Зейін, есте
сақтаудың
бұзылуы**

**Сөйлеу тілінің
бұзылуы**



Аутизм қалай емделеді?

Ең бастысы кешіктірмей тексеріліп, емделу терапиясын ертерек бастаған дұрыс. Себебі терапияны бала кішкентай кезінен бастаса, нәтиже жақсы болады. Аутизмге ұшыраған адамдардың әр қайсысының белгілері әр түрлі және әр адамға тек өзіне тән ем түрі жүргізілуі керек. Аутизмді емдеу үшін науқас адамның мінезі мен жүріс тұрысы қарай терапия қолданылады. Бұл терапия балаланың дұрыс тәртібі үшін арнайы сый береді, осылай бала айналасымен араласып, байланысқа түседі.





Музыка терапия



Иппотерапия



Холдинг -терапия



Қуыршақ терапиясы



Құм терапиясы



Пет-терапия



Арттерапия



**Артикуляциялық
жаттығу**



Инклюзивті ойындар



**Әлеуметтік тұрмысқа
бейімдеу (үй
шаруасына)**



**Көру, есту дамыту
жаттығулары**



**Ұсақ қол моторикасын
дамыту жаттығулары**



Назарларыңызга рахмет!

